

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

Дайындық орталығы

Оқу-әдістемелік комитет кеңесінің

№1 ХАТТАМАСЫ

Кентау қаласы

02.09.2024 ж.

Қатысқандар: А.Зөхре, Б.Айтбаев, А.Бегділла, А.Мырзаханова, Б.У.Атикол, Р.Шафигулина, Ү.Ыбыраева, М.Шайхыстамова, Ш.Хамидова, Н.Эргашева

Қатыспағандар: -

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. 2024-2025 оқу жылына орталық ОӘК құрамы мен жоспарын талқылап, бекітуге ұсыну. (Орталық директоры А.Зөхре, ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)
2. 2024-2025 оқу жылында оқытушы-профессор құрамы дайындайтын оқу, оқу-әдістемелік басылымдар жоспарын талқылап, бекітуге ұсыну. (ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)
3. 2024-2025 оқу жылының I триместрінде өтілетін ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтар кестесін талқылап, бекітуге ұсыну.
4. 2024-2025 оқу жылында оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша орталық ОПҚ үшін ішкі әдістемелік семинарлар жоспарын талқылап, бекітуге ұсыну.
5. 2024-2025 оқу жылында жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламаларын, силлабустарын және оқу-әдістемелік кешендері мен әдістемелік нұсқауларды талқылап, бекітуге ұсыну.
6. 2024-2025 оқу жылында өтілетін ашық (мастер класс, ақылдасу) сабақтардың сарапшылары тізімін бекітуге ұсыну.
7. 2024-2025 оқу жылында оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамын бекітуге ұсыну.
8. 2024-2025 оқу жылына қарасты бөлімдердің жоспарларын және индикативті жоспарларын талқылап, бекітуге ұсыну.
9. 2024-2025 оқу жылында бөлімдердегі оқытушылардың біліктілігін арттыру жоспарын бекітуге ұсыну.
10. Әртүрлі мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Орталық директоры А.Зөхре алдымен ОӘК мүшелерін 2024-2025 жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады, сонымен бірге алдағы атқарылар жұмыстарға табыс тіледі.

Орталық директоры күн тәртібіндегі бірінші мәселе 2024-2025 оқу жылына орталықтың ОӘК құрамы мен жұмыс жоспарын талқылап, бекітуге ұсыну екендігін айта келе, орталықтың ОӘК жұмыстарына жауапты тұлғалар біліктілік, қабілет ерекшеліктеріне сай тағайындалу керектігін ескертіп өтті.

Орталық директоры бөлім басшыларының берген ұсыныстарының нәтижесінде орталық ОӘК құрамына мүшелерді төмендегідей ұсынды, бөлім басшылары бірауыздан қолдады.

2024-2025 оқу жылына орталық ОӘК құрамының жобасы*1-кесте*

№	Қызметі	Бөлімі	Аты-жөні
1.	Орталық директоры	Түрік тілі бөлімі	А.Зөхре
2.	Орталық ОӘК төрағасы	Қазақ, орыс тілдері	Ү.Ыбыраева
3.	Қазақ, орыс тілдері бөлімінің басшысы	Қазақ, орыс тілдері	А.Мырзаханова
4.	Түрік тілі бөлімінің басшысы	Түрік тілі	Б.У.Атикол
5.	Ағылшын тілі бөлімінің басшысы	Ағылшын тілі	Р.Шафигулина
6.	Қазақ, орыс тілдері бөлімінен оқу-әдістемелік жұмыстарға жауапты	Қазақ, орыс тілдері	М.Шайхыстамова
7.	Түрік тілі бөлімінен оқу-әдістемелік жұмыстарға жауапты	Түрік тілі	Ш.Хамидова
8.	Ағылшын тілі бөлімінен оқу-әдістемелік жұмыстарға жауапты	Ағылшын тілі	Н.Эргашева

Орталық директоры сөзінің соңында ОӘК құрамының мүшелері өз міндеттерін тиянақты, жауапкершілікпен атқару керектігі жөнінде ескертіп өтті.

Келесі кезекте 2024-2025 оқу жылына орталық ОӘК-нің жұмыс жоспарын талқылап, бекітуге ұсыну үшін орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева сөз алып, университеттің АҚ жұмыс жоспары негізінде жасалған орталық ОӘК жұмыс жоспарының жобасын талқыға ұсынды. ОӘК мүшелері жобамен таныса келе, бекітуге ұсынуға бірауыздан өз келісімдерін білдірді.

ШЕШІМ: 1. 2024-2025 оқу жылына орталық ОӘК құрамы мен жұмыс жоспары бекітуге ұсынылсын. (Жауапты - ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

2. 2024-2025 оқу жылында оқытушы-профессор құрамы дайындайтын оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының тақырыптық жоспарын бекітуге ұсыну үшін сөз алған орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева, бөлімдерден алынған мәліметтер негізінде әзірленген жоспармен таныстырды. Соның ішінде Қазақ, орыс тілдері бөлімі 12, Ағылшын тілі бөлімі 1, Түрік тілі бөлімі 1 оқу, оқу-әдістемелік басылым жоспарлағанын атап өтті. ОӘК мүшелері таныса келе, бірауыздан мақұлдады. Орталық директоры оқу-әдістемелік басылымдар жоспарының орталық ОПК үшін аз көлемде екендігін ескертіп өтті. Орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева әр бөлім ОПК-ның өз мүмкіндіктеріне қарай жасағандығын айтты.

Оқу, оқу-әдістемелік құралдарды дайындау жоспарының жобасы

2-кесте

№	Бөлім атауы	Жоспарланған
	Қазақ, орыс тілдері	12
	Түрік тілі	
	Ағылшын тілі	
	БАРЛЫҒЫ:	14

ШЕШІМ: 2. 2024-2025 оқу жылына арналған оқу, оқу-әдістемелік басылымдарының тақырыптық жоспары бекітуге ұсынылсын. (Жауапты - ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева, бөлімдерден алынған ұсыныстар нәтижесінде жасалған 2024-2025 оқу жылының I триместрінде өтілетін ақылдасу (ашық) сабақтарының төменде берілген кестесін талқылауға ұсынды. ОӘК мүшелері бірауыздан ұсынысты бекітуге болады деп шешті.

2024-2025 оқу жылында өтілетін ақылдасу (ашық) сабақтарының жобасы

3-кесте

№	Бөлімі	Оқытушының аты-жөні	Пәні	Тақырыбы	Уақыты /күні	Ауд.
1.	Қазақ, орыс тілдері	Базарова Жанар Байдалықызы	Қазақ тілі A1	Үй. Пәтер. Жиназ	06.11.2024	2-306
2.	Түрік тілі	Шукру Картал	Түрік тілі A1	Meslekler	07.11.2024	1-220
3.	Ағылшын тілі	Сейткасимов Улуғбек Аширбаевич	Ағылшын тілі A1	Unit 7. My favourites	04.12.2024	4-102

ШЕШІМ: 3. 2024-2025 оқу жылы өтілетін ақылдасу (ашық) сабақтарының кестесі бекітуге ұсынылсын. (Жауапты - ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

4. Келесі кезекте 2024-2025 оқу жылында оқу-әдістемелік жұмыстары бойынша орталық ОПК үшін ішкі әдістемелік семинарлар жоспарын талқылап, бекітуге арналды.

Орталық директоры А.Зөхре: «Жалпы, оқу-әдістемелік семинарлар ОПК-ның біліктілігін, кәсібилігін арттыратыны баршаға аян, сондықтан семинарды өткізуге әр бөлімнің тәжірибелі Оқытушы-профессорлары атсалысуы тиіс. Сонымен бірге, қызықты әрі пайдалы семинар-тренингтер жүргізілуі қажет» - деді.

Орталық ОПК-ның біліктілігін жетілдіру бағытындағы іс-шаралар (семинар-тренингтер) жоспары туралы орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева сөз алып, 2024-2025 оқу жылына бөлімдерден берілген ұсыныстар негізінде жасалған жоспар жобасымен таныстырды. ОӘК мүшелері толығымен келісті.

Орталықта өтілетін әдістемелік семинарлар жоспарының жобасы

4-кесте

№	Бөлімі	Семинар саны
1.	Қазақ, орыс тілдері	7
2.	Түрік тілі	2
3.	Ағылшын тілі	2
Барлығы:		9

ШЕШІМ: 4. 2024-2025 оқу жылындағы орталық ОПК-ның біліктілігін жетілдіру бағытындағы іс-шаралар (семинар-тренингтер) кестесі бекітуге ұсынылсын. (Жауапты – ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

5. Күн тәртібіндегі келесі мәселе бойынша сөз алған ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева бөлімдерде жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламалары, силлабустары және оқу-әдістемелік кешендері мен әдістемелік нұсқауларын 2024-2025 оқу жылындағы бекітілген «Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру» ережесіндегі енгізілген өзгерістерге сай талқылап, бекітуге ұсыну үшін бөлім басшыларына сөз ұсынды.

Бөлім басшылары өз бөлімдерінде жүргізілетін пәндер бойынша оқу бағдарламалары, силлабустары және оқу-әдістемелік кешендері мен әдістемелік нұсқауларының орталықтың жаңартылған оқу үдерісін ұйымдастыру ережесінде енгізілген триместрге сай дайындалу барысы туралы хабарлама жасады.

Қазақ, орыс тілдері бөлімінің басшысы А.Мырзаханова Білім беру бағдарламасы орталық үшін ортақ жасалатындығын ескерте келе, Дайындық орталығы бойынша білім беру бағдарламасының педагогикалық стратегиясын талқылауды ұсынды.

Білім беру бағдарламасының педагогикалық стратегиясының мақсаты - білім мен шеберлік, шығармашылық қызмет пен дүниеге эмоционалды-құндылықтар көзқарасы тұрғысынан қарау арқылы іске асқан адамзаттың әлеуметтік-мәнді тәжірибесін меңгеру, отансүйгіштік, Қазақстан Республикасы халықтарының достығы, әртүрлі мәдениеттерге, салт-дәстүрлерге құрмет көрсету рухында тәрбиелеу, жалпы адамзаттық және әлеуметтік-тұлғалық құндылықтарын қалыптастыру, мемлекеттік тілді, шетел тілдерін білу негізінде ұлттаралық қарым-қатынасты қамтамасыз ету, қазақ, орыс тілдері шеңберінде кәсіби білімді және тәжірибелік дағдыларды қамтамасыз ету екендігін айтып өтті. Бұл мәселе туралы жарыссөзге шыққан ОӘК мүшелері өз ойларын ортаға салды. Стратегияның білім беру мен құзыреттілік қалыптастыруда маңызы зор жоба екенін, кейбір түсініксіз мәселелерді қайта қарап, бекітуге ұсыныс берілуі керектігі сөз болды.

Орталық директоры ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраеваға бөлімдердегі жүргізілетін пәндер бойынша типтік (оқу), білім беру бағдарламасы мен силлабустарды «Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру» ережесіндегі енгізілген өзгерістерге сай бекітуге ұсыну үшін өз тарапынан тексеруді тапсырды.

ШЕШІМ: 5. 2024-2025 оқу жылында бөлімдерде жүргізілетін пәндердің оқу бағдарламалары, силлабустары және оқу-әдістемелік кешендері мен әдістемелік нұсқаулары

«Дайындық орталығының оқу үдерісін ұйымдастыру» ережесіндегі енгізілген өзгерістерге сай бекітуге ұсынылсын. (Жауаптылар: Бөлім басшылары, ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

6. 2024-2025 оқу жылында өтілетін ақылдасу (ашық) сабақтарының сарапшылары тізімін талқылап, бекітуге ұсыну үшін сөз алған орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева бөлім басшыларының ұсынысымен жасалған ОПҚ-ның ақылдасу (ашық) сабақтарына кіретін сарапшылар құрамының жобасын ұсынды. ОӘК мүшелері бірауыздан қолдады.

**2024-2025 оқу жылында өткізілетін ақылдасу (ашық) сабақтарына қатысатын
сарапшылар құрамының жобасы**

5-кесте

№	Бөлімі	Сарапшының аты-жөні	Дәрежесі, қызметі
1.	Түрік тілі	Армахан Зөхре	PhD, доцент
2.	Қазақ, орыс тілдері	Ыбыраева Үржамал Әмірханқызы	Аға оқытушы
3.	Қазақ, орыс тілдері	Мырзаханова Ақбота Құлмаханқызы	п.ғ.к., аға оқытушы
4.	Түрік тілі	Бурхан Умур Атикол	PhD, аға оқытушы
5.	Ағылшын тілі	Шафигулина Розалия Рамильевна	Магистр оқытушы
6.	Қазақ, орыс тілдері	Шайхыстамова Мәлике Бердібайқызы	Магистр оқытушы
7.	Түрік тілі	Хамидова Шахида Худайбергеновна	Магистр оқытушы
8.	Ағылшын тілі	Эргашева Надра Дадажановна	Магистр оқытушы

ШЕШІМ: 6. 2024-2025 оқу жылында өтілетін ақылдасу (ашық) сабақтарының сарапшылар құрамы бекітуге ұсынылсын. (Жауапты - ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

7. 2024-2025 оқу жылында оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын бағыттар бойынша сараптайтын эксперттік комиссия құрамын бекітуге ұсыну үшін сөз алған орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева бөлім басшыларының ұсынысымен жасалған оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын бағыттар бойынша сараптайтын сарапшылар құрамының жобасын ұсынды. ОӘК мүшелері бірауыздан қолдады.

**2024-2025 оқу жылында оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу-әдістемелік
құралдарын бағыттар бойынша сараптайтын сарапшылар құрамының жобасы**

6-кесте

№	Бөлімі	Сарапшының аты-жөні	Дәрежесі, қызметі
1.	Қазақ, орыс тілдері	Қадашева Қарлығаш Қадашевна	п.ғ.д., профессор
2.	Қазақ, орыс тілдері	Оспанова Балтагүл Оспанқызы	ф.ғ.к., доцент
3.	Түрік тілі	Бурак Сөзер	PhD, аға оқытушы
4.	Ағылшын тілі	Алимбекова Ляззат Тасовна	Магистр оқытушы
5.	Ағылшын тілі	Эргашева Надра Дадажановна	Магистр оқытушы

ШЕШІМ: 7. 2024-2025 оқу жылында оқытушы-профессор құрамы дайындаған оқу-әдістемелік құралдарын бағыттар бойынша сараптайтын сарапшылар құрамы бекітуге ұсынылсын. (Жауапты - ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

8. Келесі кезекте орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева 2024-2025 оқу жылына бөлімдердің оқу-әдістемелік жоспарлары жасалып, бөлімдерден алынған мәліметтерге сүйене отырып, орталықтың оқу-әдістемелік жоспарының жобасына енгізгендігін айтып өтті. Сонымен қатар, бөлім басшылары бөлімдердің ғылым, тәрбие, индикативті жоспарларының жобасын ортаға салды. Мәліметтермен танысқан ОӘК мүшелері аталған жоспарлармен келісетіндіктерін білдірді.

ШЕШІМ: 8. 2024-2025 оқу жылына бөлімдердің жоспарлары және индикативті жоспарлары бекітуге ұсынылсын. (Жауаптылар – Бөлім басшылары, ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева)

9. 2024-2025 оқу жылында бөлімдердегі оқытушылардың біліктілігін арттыру жоспарын бекітуге ұсыну үшін сөз алған орталық ОӘК төрағасы Ү.Ыбыраева: «Орталық ОПҚ-ның біліктілігін жетілдіру бағытындағы іс-шаралар жоспарын талқылап, бекіту келесі мәселелердің бірі болып табылады. Биылғы 2024-2025 оқу жылында Дайындық орталығының біліктілік жетілдіру әр жылы жоспар бойынша орындалып, нәтижесінде ОПҚ-ның өз біліктіліктерін сабақ жүргізу барысында көрсетеді. Сонымен бірге ОПҚ-ның 3 немесе 5 жыл көлемінде біліктіліктен өтуі талап етіледі» - деді. Сөзінің соңында бөлімдер тарапынан берілген ұсыныс негізінде жасалған ОПҚ-ның біліктіліктен өту жоспарын ортаға салды. Бұған қоса университет немесе министрлік тарапынан және шетелдерде біліктіліктен өту үшін шақыртулар немесе ұсыныстар келіп жатса, ОПҚ-ның жоспардан тыс та кәсіби біліктіліктен өтетіндігін айтты. ОӘК мүшелері жасалған жоспармен келісетіндіктерін білдірді. Жоспар жобасы төмендегі кестеде берілді.

2024-2025 оқу жылында бөлімдердегі оқытушылардың біліктілігін арттыру жоспары
7-кесте

№	Бөлімі	Аты-жөні	Мерзімі
1.	Қазақ, орыс тілдері	Толежанов Ержан Құдайбергенұлы	Қаңтар, 2025
2.	Қазақ, орыс тілдері	Садуова Жанат Нуралиевна	Мамыр, 2025
3.	Түрік тілі	Абдулхай Әсия Қайратқызы	Қаңтар, 2025
4.	Түрік тілі	Ирисбекова Нилюфар Кахрамановна	Мамыр, 2025
5.	Ағылшын тілі	Атаханов Абдухалил Сулайманұлы	Қаңтар, 2025
6.	Ағылшын тілі	Сейткасимов Улұғбек Аширбаевич	Сәуір, 2025


ШЕШІМ: 9. 2024-2025 оқу жылында бөлімдердегі оқытушылардың біліктілігін арттыру жоспары бекітуге ұсынылсын. (Жауаптылар: Бөлім басшылары)

10. Әртүрлі мәселелер бойынша орталық директоры А.Зөхре қазақ диаспорасы тарапынан контингент жеткілікті дәрежеде жиналуына байланысты ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар мен Тілдік даярлық деңгейін арттыру курсына оқитын ҚР азаматтарын ҰБТ-ға дайындайтын Жалпы пәндер бөлімін қайта ашу туралы кезекті Сенат мәжілісінің күн тәртібінде қарауға ұсыныс жасалатындығын айтты.

ШЕШІМ: 10. ҚР азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ тыңдаушылар мен Тілдік даярлық деңгейін арттыру курсына оқитын ҚР азаматтарын ҰБТ-ға дайындайтын Жалпы пәндер бөлімін қайта ашу туралы кезекті Сенат мәжілісінің күн тәртібінде қарауға ұсыныс жасалсын. (Жауаптылар: Орталық директоры А.Зөхре, Дайындық орталығы директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Айтбаев)

Орталық директоры:

Орталық ОӘК төрағасы:

 А.Зөхре
 Ү.Ыбыраева